

Омарбеков Т.О.,
Тулешова У.Ж., Бижанова М.

Тарихты кезеңдеудің жаңа міндеттері (орыс және қазақ тарихнамасы негіздерінде)

Тарихымызды кезеңдеу мәселесі тарих ғылымындағы ең маңызды мәселелердің бірі. Кезінде марксизм-ленинизм қағидаларына сәйкес тарихшыларымыз адамзат қоғамын бес қоғамдық-экономикалық формацияларға бөліп тарихты жазды. Мұндайда біздер тарихты зерттеудің бұдан да басқа табиғи дамудың диалектикасын шынайы бейнелейтін теориялық-методологиялық жолы бар екендігін естен шығардық. Қазіргі таңда отандық тарих ғылымында кезеңдеу мәселесі қайтадан көтерілуі тиіс болып отыр. Оның себебі: кезеңдеу мәселесінде тарихшы ғалымдардың бір пікірге келмеуі және отандық тарихты кезеңдеудің кейбір қателіктері. Мақалада жалпы әлемдік тарихты кезеңдеу негізінде Қазақстан тарихын кезеңдерге бөлу мәселесіне қатысты пікірлерге талдау жасалынған. Берілген зерттеу жұмысының мақсаты отандық тарихнамада осыған дейінгі ұсынылған кезеңдеулерді талдай келе, олардың әрқайсысының тиімділігі мен қателігін анықтау болып табылады. Зерттеу жұмысын жазу барысында Қазақстан тарихын кезеңдеуге байланысты жазылған негізгі тарихи еңбектер пайдаланылды. Зерттеудің нәтижесінде, көптеген кезеңдеуге қатысты пікірлерді талдай отырып, жаңа ұстанымдар ескерілген кезеңдеу критерийлері ұсынылады.

Түйін сөздер: кезеңдеу, кезеңдер, тарихи оқиғалар.

Omarbekov T.O.,
Tuleshova U.Zh., Bizhanova M.

New tasks of Periodization of history (in base of Russian and Kazakh historiography)

The Periodization of our history is the most important problem in historical science. In due time historians according to the principles of Marxism-Leninism divided human society into five socioeconomic structures. In such deal, we have forgotten other theoretic-methodological approaches to dialectics of natural development in a history research. Today the question of a Periodization of national history is again brought up. The reasons for it are domestic historians haven't come to a consensus about Periodization and some mistakes of Periodization of national history. In the article, are analyzed the different points of view about a Periodization of the history of Kazakhstan, on the basis of a Periodization of world history. An objective of this research is by the analysis of all offered Periodization to define their efficiency and mistakes. In writing of research work have been used the main historical works about Periodization of the history of Kazakhstan.

Key words: Periodization, periods, historical events.

Омарбеков Т.О.,
Тулешова У.Ж., Бижанова М.

Новые задачи периодизации истории (на основе русской и казахской историографии)

Периодизация нашей истории является самой важной проблемой в исторической науке. В свое время историки в соответствии с принципами марксизма-ленинизма разделяли человеческое общество на пять общественно-экономических формаций. В таком раскладе нами были забыты другие теоретико-методологические подходы к диалектике природного развития в исследовании истории. Сегодня снова поднимается вопрос периодизации отечественной истории. Причинами этого являются следующие: отечественные историки не пришли еще к единому мнению о периодизации и некоторые ошибки в периодизации отечественной истории. В статье анализируются разные точки зрения о периодизации истории Казахстана на основе периодизации всемирной истории. Целью данного исследования является путем анализа всех предложенных периодизаций определение их эффективности и ошибок. В написании исследовательской работы были использованы основные исторические труды по периодизации истории Казахстана.

Ключевые слова: периодизация, периоды, исторические события.

**ТАРИХТЫ
КЕЗЕҢДЕУДІҢ
ЖАҢА МІНДЕТТЕРІ
(орыс және қазақ
тарихнамасы
негіздерінде)**

Кіріспе

Кезеңдеу – тарихтағы ең маңызды және ең даулы мәселе. Негізделген кезеңдеу болмаса, тарих ғылым ретіндегі өзінің маңызды ерекшеліктерін жоғалтады. Осыған сай, әлемдік тарихнамада кезеңдеуге деген зерттеу ұстанымдары өзгергендігін, бір кезеңдеудің екіншісімен алмастырылғанын және оған саяси-әлеуметтік жағдайдың ықпалын аңғартатын жағдайлар аз емес. Кезеңдеусіз тарих ғылымы өмір сүре алмайды, себебі ол тарихшыға субъективизмнен алшақ болуға көмектеседі (Гросул, 2007: 122).

Барлық кезеңдеулер, әлемдік тарихты болсын не жекелеген мемлекеттердің кезеңдеулері болсын, үздіксіздік пен өзгеріс түсініктеріне негізделеді. Үлкен мәнділікке ие бола отырып, тарихи кезеңдер маңызды ұзақ мерзімді үздіксіздікпен ерекшелену керек. Кезеңдер арасындағы өтпелі уақыттар ескі жалғасушылықты жойып, жаңасын құрастырумен сипатталады (Green, 1992). Осыған сәйкес, отандық тарихтағы кезеңдеу мәселесінде де барлық жаңа ұстанымдар мен өзгерістер ескерілуі тиіс.

Тарихымызды кезеңдеу мәселесі тарих ғылымындағы ең маңызды мәселелердің бірі. Әрбір саяси-әлеуметтік өзгерістер тарихи кезеңдеуге өзіндік ықпалын етеді, ондағы ұстанымдарды анықтайды. Осының барлығын ескере отырып, мақалада әр ұстанымдарға негізделген кезеңдеу мысалдарына сипаттама беріліп, талдау жасалынады. Зерттеу жұмысында салыстырмалы және талдау әдістері қолданылады.

Кезеңдеу мәселесіне қатысты жаңа көзқарастар

Кезінде марксизм-ленинизм қағидаларына сәйкес тарихшыларымыз адамзат қоғамын бес қоғамдық-экономикалық формацияларға бөліп тарихты жазды. Мұндайда біздер тарихты зерттеудің бұдан да басқа табиғи дамудың диалектикасын шынайы бейнелейтін теориялық-методологиялық жолы бар екендігін естен шығардық. Басқаларды айтпағанда К. Маркстен бұрын, ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ресейлік ағартушы С.Е. Десницкий адамзат дамуының өркениеттік төрт кезеңдерін анықтап оларды: 1) **жабайылық** («состояние

народов, живущих ловлею зверей и питающихся плодами саморождающимися на земле»); 2) **бақташылық** («состояние народов, живущих скотоводством или пастушеское»); 3) **диханшылық** («состояние хлебопашественное»); 4) **сауда-саттық** («состояние «коммерческое»») (Десницкий, 1823: 381). Орыс ғалымы сонымен қатар осы аталған өркениет кезеңдеріне белгілі бір меншік түрлерінің және олардың әрқайсысына белгілі бір неке қатынастарының сәйкес келетінін атап көрсеткен еді.

Нақтылай түсер болсақ, алғашқы «жабайылық» кезеңде меншікте, неке қатынастары да болмайды; ал келесі бақташылық кезеңде меншік дегеніміз тек меншіктену құқы түрінде көрінеді де, ал некелік қатынастар көп әйел алу түрінде көрінеді; келесі «диханшылық» кезеңде көшпелілердің отырықшылануларына байланысты жерге жеке меншік орныға бастайды; соңғы даму сатысы – «сауда-саттықта» меншік иесі толық қалыптасып, жақсы тұрмыспен бірге отбасында, семьялық қатынастарда азғындау көріністері белен алады (Десницкий, 1823: 319). Мұнда ескеретін мәселе, орыс ғалымы мұндай кезеңдеуде орыс қоғамының даму шындығын ғана емес, бүкіл адамзаттың тарихи даму сатыларын басшылыққа алып отыр. Егер осы айтылғандарды Қазақ қоғамындағы адам өркендеумен салыстырар болсақ, қазақ қоғамы да С.Е. Десницкий айтқан өмір белестерін бастан өткізген болып шығады. Әрине, соңғы ғасырларда мұндай өркениетті даму кезеңдерін өздерінің пікірлерімен толықтырғандар да баршылық. Оларды өзара салыстыру тарихымызды шынайы кезеңдеу жолын анықтай түседі деген ойдамыз.

Қалай десекте, дұрыс кезеңделмеген тарих-жүйесіз, яғни бұрмаланған тарих болып шығады. Яғни бұл ұлт тарихының объективті әрі дұрыс бағытта жазылуының негізін жасайтын аса маңызды нәрсе. Осы себептен еліміз тәуелсіздікке ие болғаннан кейінгі кезеңде тарихымызды жаңа көзқараста жазу мақсатында тарихшы ғалымдарымыз Қазақстан тарихын кезеңдеу мәселесіне назар аудара бастады. Мұның басты себебі – кеңестік заманда Қазақстан тарихы одақтық тарихтың қосымшасы ретінде қаралып, оны жүйелі түрде кеңінен зерттеуге мән беріле қойған жоқ. Сондықтан да бізде тарихты ғылыми түрде кезеңдеумен айналысатын ұлттық тарихнама ғылымы мүлде дамымай қалып қойды. Тәуелсіздік бұл мәселеде де жолымызды ашты. Соңғы 25 жылда еліміздің тарихшы ғалымдары отандық тарихты кезеңдеудің өзіндік, дербес нұсқаларын ұсына бастады. Бұл әрине, жағымды құбылыс.

Алайда, осындайда мынаны да айтпауға болмас, бұл мәселеде әртүрлі пікірлердің көбеюі ортақ тұжырымдарға келуді де қиындатып отырғаны кұпия емес. Сондықтан да отандық тарихта кезеңдестіру әлі де өзекті және даулы мәселелердің бірі болып отыр. Мұндайда не істеу керек? – деген сауал да өзінен өзі туындайды. Әрине, бұған жауап берерден бұрын алғаш, Қазақстан тарихын кезеңдеудің кең таралған нұсқаларын сипаттап, салыстыру маңызды. Енді соларға нақтырақ тоқтала кетелік.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бұл мәселеге мән бере, ынтымақ айналысқан көрнекті ғалым, тарихшы М. Қозыбаев болды. Оның ойынша, қазақ тарихын кезеңдеу бұл тарихтың тамырының тереңдігін, қазақ халқының ұлт ретіндегі ерекшелігін көрсетуі тиіс. Бүкіл қазақ тарихын М. Қозыбаев бірнеше асқарлы белестерге бөледі (Қозыбаев, 1998: 146). Сипаттап айтқанда олар төмендегідей болып шығады: 1) **Адам баласы қазақ сахарасында пайда болып, өмір сүрген белес.** Автордың пайымдауынша, шамамен бұл кезең б.з.д. XVIII-XIII ғғ. басталды. Бұл ұланғайыр Еуропа мен Азия құрлығын мекендеген, қазақ даласында тасқа таңба қалдырған тайпалардың өмір сүрген уақыты. 2) **Сақ, үйсін, қаңлы, алшын, ғұндар дәуірі.** Хронологиялық шеңбері б.з.д. VII-IV ғғ. – сақтар, б.з.д. I-III ғғ. – үйсін, қаңлы, алан (ясай) елдері, б.з.д. 204-б.з. 216 жж. – ғұндар. Жазба деректерінде көрсетілген қазақ жеріндегі тайпалық бірлестіктердің мемлекеттілігінің кезеңі. Осы кезеңдегі баса мән беріліп отырған мәселе – атажұрттағы алғашқы мемлекеттер құру бастаулары. Яғни зерттеуші қазақ мемлекеттілігінің арғы негіздерін осы заманнан бастайды. Автордың тұжырымдауы бойынша, ғұн, сақ, үйсін, қаңлы, алшын елдері Қытай, Рум, Ахемендік Иран дәрежелес ел болды. Бұл пікірге әрине келісуге де келіспеуге де болады. Оның себебі – тарихи деректерді қарастырар болсақ алшын атауының бұл тұста әлі тарих сахнасына шыға қоймағанын, оның орнына ол заманда сармат, алан, аорс, дай деген атаулар қолданылғанын байқар едік. Зерттеушінің бұл ұлысты Қытай, Рум, Иран дәрежесінде қабылдауы да талас туғызар мәселе. Бұл елдердің өзіндік даму деңгейі олардың өздерін қатар қоюдың өзін күмәнді нәрсеге айналдырады. 3) **Түркі тектес тайпалар белесі.** Бұл кезең 552-744 жылдарды қамтиды, және Түркі қағанатының одан кейінгі оның заңды жалғасы Хазар, Қарахан қағанаттары, Оғыз ұлысы, Қимақ қағанаты өмір сүрген заман. Мұнда назар аудартатыны: авторлық логика дұ-

рыс болғанымен Түрік қағанатынан кейінгі мемлекеттер хронологиясы сақталмаған. Тіптен Түрік қағанатының өзі екіге бөлінген соң, Батыс Түріктерін айтпағанда Шығыс Түрік қағанатының екі рет өмірге келгені белгілі. Оның үстіне аталған қағанаттардың кейбірі 744 жылдан кейін өмір сүрген мемлекеттік бірлестіктер болып табылады. М. Қозыбаев Түрік қағанатының пайда болуын алғашқы феодалдық мемлекеттің қалыптасуы ретінде сипаттайды. Мұнда зерттеушінің «феодалдық» деген атауды қолдануы оның кеңестік таптық формациялық көзқарасықпалынан әлі де арыла алмағандығының салдары деп қараған жөн болар. Мұнда автормен келісуге болатын мәселе – түрік қағанаттарының заманы мәдениеті дамыған, сауда қатынастары, отырықшылық мәдениеті гүлденген кезеңі болды. 4) **Түркі тектес тайпалардың, этностардың бөлініп, болашақ этностың қалыптаса бастау кезеңі.** Басқаша, айтқанда, автордың тілімен айтар болсақ, бұл оғыз-қыпшақ дәурені үстем болған белес. Бұл кезең шамамен X-XII ғғ. Біздің пікіріміз: бұл хронологияда онша дәл берілмеген деген ойдамыз. Өйткені қазақтың кең даласына шығыстан қоныс аударған Оғыз бірлестіктерінің VIII ғасырда бүгінгі Жетісу аймағын мекендеп, IX ғасыр соңынан – X ғасыр басына дейін Сырдарияның төменгі ағысында Оғыз конфедерациялық мемлекетін ұйымдастырғаны, ал X ғасырда солтүстік шығыстан келген қыпшақ көшпелілерінің оларды қазіргі түрікмендер аймағына ығыстырғаны белгілі. Осы үдеріс бүгінгі қазақтың жапан даласын алғаш «Дешті оғыз» атандырса, ал кейіннен «Дешті қыпшақ» атандырды (Омарбеков, 2015: 44, 48). Сондықтан академик М. Қозыбаев келтірген хронология анықтай түсуді қажет етеді. Автордың ойынша, Қыпшақ елінің қалыптасуынан – Моңғол шапқыншылығына дейінгі кезеңде Түрік қағанаттарының Қыпшақ мемлекетімен алмастырылуы, Қыпшақтардың қуатты ел болуы, және 999 ж. Түрік тайпасының исламды қабылдауы – аталмыш кезеңнің маңызды оқиғасы болды. Мұндайда автордың кейбір пікірлерінің күмәнді, және айтыс туғызатынын да айтпасақ болмайды. Автордың исламды қабылдаған түрік тайпасы туралы айтып отырғаны қарахандықтардың 200 000 киіз үйінің исламды қабылдауы туралы екені белгілі. Алайда қарахандықтарды бұл тұста қыпшақтармен байланыстыра қарастыру географиялық тұрғыдан да, этникалық тұрғыдан да нақты болып шықпайды. Оның үстіне көріп отырғанымыздай, автор, осы кезеңде «қазақ» атауын «қыпшақ»

атауымен қатар шықты деп тұжырымдайды. Бұл ғылыми дәлелденбеген нәрсе және М. Дулатиде, Қ. Жалайыриде айтылатын деректерге мүлде сәйкес келмейді. Оның үстіне «қазақ» атауынан бұрын «алаш» атауының тарих сахнасында әрекет жасағаны, яғни қазақ қауымдастығының алаш аясында қалыптасқаны тағы белгілі. Қазақтың және т.б. түркітілдестердің қыпшақ тілділерге жатуы да «қазақ» атауының «қыпшақ» атауынан көп кейін шыққанын дәлелдейді. М. Қозыбаевта келесі кезеңдеу белестері былай жалғасады: 5) **Мұңғыл үстемдігі.** Бұл дәуір моңғол шапқыншылығы кезіндегі және одан кейінгі уақытты қамтиды. Моңғол шапқыншылығы нәтижесінде қалыптасқан Алтын Орда, Көк орда, Ақ орда мемлекеттерінің белесі. Қазіргі тарих ғылымында мұнымен де толық келісу қиын: көшпелілердің аталған мемлекеттерінде Шығыс тұқымының үстем болғаны рас болса да, бұл мемлекеттер кейінгі қазақ елінің бастаулары болып табылады. Моңғол тайпаларынан шыққандардың қазаққа айналып, төре атанулары аса күрделі үдеріс. Сондықтан да бұл тарихи кезеңді М. Қозыбаев ұсынғандай қабылдау тарихты кеңестік замандағыдай ескіше қарастыруға апарады. 6) **Қазақ халқы, мемлекетінің дәурені (1465-1466 ж. бастап отарлауға дейін).** Зерттеушінің ойынша бұл: Алтын Орданың құлап, оның қалдықтарында мемлекеттердің құрылуы белесі. Қазақ хандығының құрылуы мен қазақ хандарының билік ету кезеңі. Нақтыланбағанына қарамастан мұндай пікірмен біршама келісуге болады. 7) **Отаршылдық бұғауындағы белес.** Тарихшының пікірінше бұл кезең 1580 жылдан бастап, кеңес үкіметі орнағанға дейін созылған. Автор қазақ даласындағы Ресей империясының билігінің отарлауын 1731 жылдан емес, 1580 жылдан, яғни негізгі бөлігін қыпшақ, арғын, найман, жалайыр құраған Сібір халқының Ресейге қарауынан бастау алатынын тұжырымдайды. Мұндай пікірмен де біздің ойымызша келісуге болмас. Өйткені бұлай етер болсақ, Тәуекелдің және оның орнына 1598 хан болған Есім ханның (Еңсегей бойлы ер Есімнің), оның мұрагерлерінің тұсындағы тәуелсіз Қазақ хандығының тарихы назардан тыс қалып қояды. Жалпы, бұл жерде М. Қозыбаевтың Сібір хандығының тәуелсіздігінен айырылуын Қазақ хандығы тарихымен бірге қарастырып, мәселені шатастырып алғанын айтуға тура келеді. Осы тарихи кезеңдегі басты оқиғаларды баяндағанда М. Қозыбаевтың 1916 ж. көтерілісті ғасырлар бойы жалғасқан ұлт-азаттық күресінің биік шыңы болған революция деп бағалауы назар

аудартады. Бұл біздің ойымызша асығыс айтылған пікір. 1916 жылғы көтеріліс әрине, революция деңгейіне көтеріле алған жоқ. Осыған байланысты тарихшы М. Қойгелдиевтің мынадай пікірі бар: 1916 жылғы көтеріліс революция деңгейіне көтерілуі үшін ол алдына саяси мақсат қоюы және бұл мақсатқа жету жолындағы күресті ұлттық интеллигенция басқаруы керек еді (Қойгелдиев, 1995: 22-23). 8) **Қазақ халқы совет империясының уысында.** Халқымыздың басына түскен советтік «ақтабан шұбырынды, алакөл сұлама» жылдары. М. Қозыбаевтың кеңестік тоталитарлық заманды осылайша, бөлек кезең ретінде алуымен келісуге болады. Алайда автордың оны жоңғар шапқыншылығы заманындағы халықтық сипаттамамен бере салуы бұл кезеңнің қайшылықты мәнін толық аша алмайды деп ойлаймыз. Автордың соңғы кезеңдеуі: 9) **Қазақ елі егемендік алғанда. Суверенді Қазақстан кезеңі,** – деп аталады. Айтарымыз: бұл бүгінде тәуелсіз Қазақстанның ширек ғасыр тарихын қамтитындықтан оның аталуы да басқаша болары анық.

М. Қозыбаевтың кезеңдеуін мүлде сәйкес келмейтін салиқалы да салмақты пікірлерге негізделген жаңа кезеңдеуді ұсынып отырған зерттеушілер де баршылық. Олардың бірі және бірегейі белгілі тарихшы ғалым, әрі отан тарихын зерттеуде жаңа ұлттық сипаттау бағытын ұстанған Х. Әбжанов (Әбжанов, 2014) кезінде өзінің тарихты кезеңдеуін ұсынды. Тарихшы ғалым қазақ тарихын кезеңдеудің маңызды критерийі әрбір тарихи дәуірге тән мәнді айырмашылықты және үзілмес сабақтастықты ескеру деп біледі. Ғалымның кезеңдеу сатылары төмендегідей жалғасады: 1) **Ежелгі дәуірдегі Қазақстан. (б.э.д. 800 мың жыл – б.э.д. V ғ.).** Бұл уақытта, автордың пайымдауынша, мынадай ерекше оқиғалар орын алды: а) қазақ жерінде алғашқы адам пайда болуы; ә) Homo sapiens-тің тарих сахнасына шығуы; б) неолиттік революция; в) интеллектуалдық сілкіністі бастан кешіру; г) мемлекеттің пайда болуы. 2) **Түркілену, исламдану, қазақтану дәуіріндегі Қазақстан. Б.э.д. V ғ. – XV ғ. ортасы.** Ұлы далаға әртүрлі этностар мен діндер келгенімен, сақтардан бастау алған болмысымыз сақталып, ақыры соңында тәңіршілдік наным-сенімі VIII ғ. беріде жеткен исламмен ұштасып, жаңаша мәдени көрініске ие болып, түркіленіп, қазақтанып кетті. 3) **Қазақ хандықтары немесе табиғи дәстүрлі даму дәуірі. XV ғ. ортасы – XVIII ғ. 30-жылдары.** Бұл кезеңде қоғамына ғана тән шаруашылық, саяси, мәдени, әлеуметтік, дүниетанымдық, т.б.

жүйе мен құндылықтар орнығып, олар бұрынғының жаңаша жалғасы ретінде қозғаушы күші – этностың барша болмыс-бітімін анықтады. Қазақ элитасы – хандардың қызметі, өзіндік әлеуметтік-саяси үрдістер мен тәуелсіздік үшін соғыс орын алған дәуір. 4) **Зарзаман дәуірі.** Ресейге бодан болғаннан Қазақ төңкерісіне дейін. Патшалық Ресейдің қазақ жерін, елін отарлауы, оны халықтың өзінің «зар заман» деп сипаттауы, қазақтан орыс патша үкіметіне қызмет еткен шенеуніктердің шығуы, Алаш қозғалысының Ресейлік Азияны оятуы кезеңі. 5) **Тоталитарлық зорлық пен кеңестік модернизациялау дәуірі.** 1917-1991 жж. Бұл дәуірде қазақ мемлекеттілігі қайта дүниеге келгенімен, оның өз еркі өзінде болмады, Ата заңымыз қабылданғанымен, іс жүзінде жартыкеш күйде жұмыс істеп тұрды. 1936 ж. Қазақ АКСР – одақтық республика мәртебесіне ие болуды тарихтың тағдырдың жұлдызды сәті ретінде қабылдау керек. Ол болмағанда КСРО ыдырағанда тәуелсіздікке ие болмас едік. 6) **1991 жылдан бастап, қазірге дейін.** Қазақ халқы мемлекет құраушы ұлтқа айналды, Қазақстан Республикасы дербес мемлекет ретінде қалыптасты. Еліміз өтпелі кезеңнен өтіп, жаһандану заманына бейімделіп, «табиғи» даму жолымен жүруі тиіс (Әбжанов, 2014: 4-15). Міне, профессор Әбжанов өз кезеңдеуін осылай тәмамдайды. Бұл кезеңдеу қазақ халқының үлкен тарихын ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, жаңа көзқараспен талдауға жол ашып отыр. Сонымен қатар мынаны да айта кеткен жөн: М. Әбжанов Қазақстан тарихын кезеңдеудің жалпы заңдылықтарын қарастырған. Сондықтан да оның атап көрсеткен әрбір кезеңдеу дәуірін ішкі жағынан нақтылай түсу әрине, аса қажет. Айтып отырғанымыз түсініктірек болу үшін осы мәселемен арнайы айналысып, кандидаттық диссертация қорғаған С. Кентбековтың зерттеулеріне назар аударайық. С. Кентбеков (Кентбеков, 1997: 32) өзінің Қазақстан тарихын кезеңдеу мәселесі бойынша кандидаттық диссертациясында өндіріс әдістерінің, этномәдени өзгерістердің және саяси-құқықтық жүйенің дамуына негізделген түрлі критерийлер мен көзқарастарды қарастырды. Алайда автор Қазақстан тарихының кезеңделуін егжей-тегжейлі дамыту үшін қоғам өмірінің барлық қырларын көрсететін, яғни Қазақстан халқының экономикалық, саяси және этникалық дамуын қамтитын кешенді көзқарастарды салыстырмалы түрде қолдану қажет деп санайды. Сонымен қатар, автор Қазақстан тарихын барынша нақтылап, оны дәуірлерге, кезеңдер мен

этаптарға бөлуді ұсынады. Осылайша С. Кентбеков Қазақстан тарихын 4 дәуірге (эпоха) бөлді. Енді соларға тоқталалық:

I. Өндіруші шаруалық дәуірі біздің д.д. 1,6 млн. – 5 мың жыл.

Бұл дәуірді 4 кезеңге бөлді:

1 Көне өндіруші шаруашылық кезеңі: біздің д.д. 1,6 млн. – 200 мың жыл.

2 Ежелгі өндіруші шаруашылық кезеңі: біздің д.д. 200 – 40 мың жыл.

3 Дамыған өндіруші шаруашылық кезеңі: біздің д.д. 40 – 10 мың жыл.

4 Кеш өндіруші шаруашылық кезеңі: біздің д.д. 10 – 5 мың жыл.

II. Ерте қайта өндіруші шаруашылық дәуірі. Біздің д.д. 5 мың жыл – XIII ғ.

1 Қайта өндіруші шаруашылықтың пайда болу кезеңі: біздің д.д. 5 – 2 мың жыл.

2 Байырғы өркениет этапы: біздің д.д. XVIII–VIII ғғ.

2.1 Байырғы өркениеттің архаикалық этапы: біздің д.д. XVIII–XVI ғғ.

2.2 Байырғы өркениеттің ерте этапы: біздің д.д. XV – XII ғғ.

2.3 Байырғы өркениеттің соңғы этапы: біздің д.д. XII – VII ғғ.

III. Қарапайым қайта өндіруші шаруашылықтың дәуірі. (Көшпелі мал шаруашылық дәуірі. Өнеркәсіпке дейінгі кезең).

1. Байырғы мемлекеттер кезеңі: (Сақ кезеңі) біздің д.д. VII – III ғғ.

2. Бірінші көшпелі империяның кезеңі: (Ғұн-үйсін кезеңі) біздің д.д. III ғғ. – біздің д. VI ғ.

2.1. Ғұн империясының гүлдену кезеңі: біздің д.д. III ғғ. – біздің д. I ғ.

2.2. Ғұн империясының құлдырау кезеңі: біздің д. I – III ғғ.

2.3. Саяси жүйелердің тұрақтану кезеңі: біздің д. III ғғ.-VI ғ.

3. Екінші көшпелі империя кезеңі (Түркі-қыпшақ кезеңі): VI-XII ғғ.

3.1. Түрік империясының гүлдену кезеңі: VI-VIII ғғ.

3.2. Түрік империясының құлдырау кезеңі (Қимақ-қарлұқ кезеңі): VIII-X ғғ.

3.3. Саяси жүйелердің тұрақтану кезеңі (Қыпшақ-қараханид кезеңі): X-XII ғғ.

4. Үшінші көшпелі мемлекеттер империясы (Қазақ-қыпшақ кезеңі): XIII-XVIII ғ. басы.

4.1. Алтын Орданың қалыптасуы мен гүлдену кезеңі (Қыпшақ-ноғай кезеңі): XIII-XV ғ. басы.

4.2. Алтын Орданың ыдырауы мен Қазақ хандығының құрылу кезеңі (Қыпшақ-ноғай кезеңі): XV ғ. басы – XVI ғ.

4.3. Саяси жүйелердің тұрақтану кезеңі (Қазақ кезеңі): XVII – XVIII ғ. басы.

IV. Қарапайым қайта өндіруші шаруашылықтың дағдарыс дәуірі (Көшпелі мал шаруашылығының дағдарыс дәуірі).

1. Қазақ хандығының дағдарыс кезеңі (ұлттық тәуелсіздік үшін күрес кезеңі): XVIII ғ. басы. – 1821 жыл.

1.1. Қазақ хандығының ыдырау кезеңі: XVIII ғ. бірінші жартысы

1.2. Қазақ хандығының уақытша тұрақтану кезеңі: 1750-1781 жж.

1.3. Қазақ мемлекеттігінің құлдырау кезеңі: 1781-1821 жж.

2. Ресейдің Қазақстанды жаулап алу кезеңі. (Қазақтардың этникалық дағдарыс және отарлаудың басталу кезеңі): 1822-1867 жж.

2.1. Ресейдің Қазақстанды жаулап алуының басталу кезеңі: 1822-1836 жж.

2.2. Кенесары Қасымұлының басшылығымен болған отарлауға қарсы соғыс кезеңі: 1836-1847 жж.

2.3. Ресейдің Қазақстанды жаулауының аяқталу кезеңі: 1847-1867 жж.

3. Қазақстан Ресей империясының құрамында. (Белсенді отарлау кезеңі): 1868-1917 жж.

3.1. Отарлау режимін орнату кезеңі: 1868-1891 жж.

3.2. Отарлау режимінің нығаю кезеңі: 1891-1905 жж.

3.3. Қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысының көтерілу кезеңі: 1905-1917 жж. Мұнда автор кеңестік кезең мен тәуелсіздік дәуірі өзінің зерттеуінің хронологиясына кірмейтіндіктен қарастырмай бөлек қалдырған.

С. Кентбековтың жасаған кезеңдестіруі кейбір кемшіліктеріне қарамастан назар аударарлықтай деп ойлаймыз. Қарағандылық ғалым кезеңдерге бөлу барысында әр дәуірдің, оның ішінде кезеңдердің және этаптардың өзіндік ерекшеліктерін айқын көрсетеді. Дегенмен, автор жасаған кезеңдестіруін басқа ғылым салаларымен байланыстыра кемелдендірмейді. Сол себепті де Кентбековтың кезеңдеуінде әлеуметтік тарих, мәдени дамушылық мәселелері және т.б. толықтай ашылмай қалып отыр.

Қазақстанның алғашқы жылдары қазақ тарихын кезеңдестірудің жаңа концепциясын ұсынған белгілі зерттеуші А. Күзембайұлы болды. «История дореволюционного Казахстана» (Күзембайұлы, 1992: 382) атты оқулығында аталмыш ғалым алғаш рет кезеңдеу мәселесіне арнаулы тарау берді. Онда автор адамзат тарихының алғашқы дәуірін «тарихқа дейінгі» заман

деп атаған. Оның себебін автор былай түсіндіреді, біріншіден, қазіргі аталып жүрген «Алғашқы қауымдық құрылыс» мазмұны жағынан студенттерге оқытылатын тақырыптарға сай емес. Өйткені адамзат қоғамында тарихқа дейінгі ұзак та, сонарлы тарих аталған дәуірден тыс қалып қояды. Екіншіден, әлемдік ғылымда тарих деп тек жазбаша дерек пайда болғаннан бергі уақытты ғана санайды. Ғалымның ойынша, «Тарихқа дейінгі» дәуір шамамен 2 млн. жылдан артық уақытты қамтиды. Оның үстіне 1851 жылы ағылшынның Дэниел Уилсон деген ғалымы ғылыми айналымға кіргізген бұл терминді дүние жүзі ғалымдары қабылдап отыр.

Біздің жыл санауымызға дейінгі VIII ғасырдан адамзат тарихының келесі дәуірі басталады. Мұны жоғарыдағы еңбекте зерттеуші «Тарихтың көне дәуірі» деп атайды. Автордың еңбегінде бұл атаудың қолданылуының да бірнеше себептері көрсетіледі. Егер оларға тоқталсақ: біріншіден, бұл кезеңді бүкіл әлем тарихшылары осылайша атайды. Әлем тарихында «тарих» термині тек қана жазбаша деректері бар қоғамға лайықты. Екіншіден, қазақтың көне дәуірі әлем халықтарының тарихымен тікелей байланысты, немесе оның құрамдас бөлімі десе де болғандай. Оның үстіне қазақ халқының көне дәуірі хронологиялық жағынан Еуропа тарихының антикалық дәуірімен сәйкес келеді.

Келесі тарихи кезеңге байланысты автор өзінің көзқарасын былай ұсынады: ғылыми әдебиеттерде «скиф-сақ әлемі» деп аталатын алғашқы көшпенділер дәуірі біздің жыл санауымызға дейінгі VIII ғасыр мен біздің жыл санауымыздың V ғасырының аралығын қамтып жатыр. Оның ойынша бұл дәуірде Қазақстан территориясын мекендеген көне тайпалар алғашқы мемлекеттік құрылымдарын жасауға қол жеткізді, көшпелі мал шаруашылығы қалыптасты, көшпелі өркениеттің негізі салынды.

А. Күзембайұлының пікірінше келесі тарихи кезең: қазақ тарихының ортағасырлық дәуірі «Алғашқы империя деңгейіне көтерілген көшпенділердің жаңа мемлекетінің құрылуымен» басталды. Сол кездегі Еуразия құрлығын дүр сілкіндірген Түрік қағандығы осы күнгі Еуропа, Еуразиядағы көп мемлекеттердің негізін қалады. Қазақстан тарихының ортағасырлық тарихын аталмыш еңбектің авторы екі кезеңге бөледі. Бірінші кезең – біздің жыл санауымыздың V-XIII ғасырлар аралығын қамтиды. Бұл кезеңде кең байтақ қазіргі қазақтың даласында екі саяси және мәдени орталық қалыптасты. Біріншісі – Жетісу жерінде, екіншісі – Сарыарқа даласында. Жеті-

су жерінде пайда болған Батыс Түрік, Қарлұк, Қарахан хандықтары пайда болып, бұл өлкеде көшпелі-мұсылман өркениеті қалыптасты. Ал, енді XIII ғасыр мен XV ғасырдың арасы Қазақстан мен онымен көршілес жатқан мемлекеттердің тарихында ерекше орын алатын, шоқтығы биік кезең. Қазақ тарихының ортағасырлық кезеңі, Күзембайұлының пайымдауынша, осы саяси процестермен аяқталды.

Қазақ тарихының келесі дәуірін «Қазақ хандығы» деп атап, автор екі кезеңге бөледі. Оларды нақтыласақ, бірінші кезең – қазақ ұлыстарының бірігу кезеңі. Бұл кезең XV ғасырдың орта шенінен бастап, XVI ғасырдың соңына дейін жалғасады. Қазақ хандығының екінші кезеңі – XVII ғасырдың басы мен XIX ғасырдың басы аралығын қамтиды. Бұл дәуірде Қазақ хандығы қалыптасты. Оның мемлекеттік құрылысы, құқықтық жүйесі, шаруашылығы мен мәдениеті гүлденіп, көшпелі өркениет келесі бір деңгейге көтерілді. Қазақ елін басқарудың жүздік жүйесі қалыптасты, қазақ этногенезі менен қазақ тілі елді мекендеген көшпелі ұлыстардың ортақ игілігіне айналды. Қазақ мәдениетінің негізгі құндылықтары осы кезде қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жетті. Бұл дәуір Еуропа тарихының жаңа тарих деп аталатын дәуіріменен қабысып жатыр, – деп қорытады өз ойын автор.

А. Күзембайұлының пікірінше, XIX ғасырдың басында қазақ тарихының келесі дәуірі басталды. XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың соңы аралығын алып жатқан уақыт «Қазақ халқының өзінің бостандығы мен ұлттық тәуелсіздік жолындағы күрес» ғасыры болды. Бұл дәуір екі кезеңге бөлінеді. Бірінші кезең – қазақ-жоңғар және қазақ-орыс қатынастарының шиеленіскен кезеңі, екінші кезең – 1822 жылдан басталып, 1868 жылы аяқталады.

XIX ғасырдың аяғында қазақ елін отарлау дәуірі басталды. А. Күзембайұлының ойынша бұл да екі кезеңге бөлінеді. Біріншісі – Ресей империясының құрамындағы қазақ елінің басынан өткізген тауқыметі. Бұл кезең 1917 жылы «қазақ төңкерісінің» жеңісімен аяқталды. Екінші кезеңде, қазақ елі формальді түрде тәуелсіз мемлекет атанып, Кеңес одағының құрамына кірді.

Зерттеушінің ойынша, тарихымыздағы келесі индустрияландыру дәуірі екі кезеңге бөлінеді: кеңестік және посткеңестік. Міне, тарихилық пен ұлттық мүдде қағидаларын негізге ала отырып, А. Күзембайұлы жоғарыдағыдай кезеңдестіруді ұсынды.

Жоғарыда келтірілген жекелеген мысалдардан байқайтынымыз, қазіргі уақытта

қазақ тарихын кезеңдеу мәселесінде тарихшы ғалымдар әлі ортақ пікірге келген жоқ. Дегенмен, біз жекелеп қарастырған авторлардың барлығы дерлік біздің тарихымызды кезеңдестіруге жаңа көзқарас тұрғысынан қарауды және ұлттық мүдде мен тарихтың ерекшелігін ескеруді қолдайды. Алайда бұл айтуға ғана оңай, аса күрделі мәселе. Мұны тарихымыздың белгілі бір кезеңін жеке алып қарастырғанда айқын байқай аламыз. Егер бұған мысал келтірер болсақ, осы мақала авторларының бірі, профессор Т. Омарбековтың (Омарбеков, 2004: 388) тарихымыздың қазіргі заманға қатысты дәуірін кезеңдеу туралы кезінде жарық көрген пікірлерін атай кетуге болады. Автор мынадай кезеңдеуді ұсынды: 1917 жылдан бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихын басты-басты үш дәуірге бөлген жөн. Олардың алғашқысы: «Қазақстан: жол таңдау» (1917 жылғы тамыз), екіншісі: «Қазақстан кеңестік әкімшіл-әміршіл империя құрамында» (1920 ж. тамыз – 1991 ж. желтоқсан), үшінші: «Қазақстан – тәуелсіз мемлекет» (1991 ж. желтоқсаннан бүгінгі күнге дейін), – деп аталғаны дұрыс. Ал енді бұл дәуірлерді кезеңдерге бөлуге келсек, алғашқы дәуір біздің ойымызша екі кезеңнен тұрады: 1. «Қазақстан ұлттық-демократиялық мемлекет құру үшін күрес кезеңінде» (1917 ж. ақпан – 1918 ж. басы); 2. «Қазақстан азаматтық қарсы тұру жағдайында» (1918 ж. көктемі – 1920 ж. тамыз). Алғашқы кезеңнен екі этапты бөліп айтуға болады: «Ұлттық-демократиялық автономия идеясының оянуы» (1917 ж. ақпан – 1917 ж. шілде); «Ұлттық-демократиялық дербестікке қол жеткізу және оны орнықтыру үшін күрес» (1917 ж. шілде – 1918 ж. басы). Ал енді екінші кезеңде біздіңше екі этапқа бөлінеді: 1. «Ұлттық-демократиялық дербестікті сақтап қалу әрекеті»; 2. «Кеңестік билікпен келісімге бару».

Екінші дәуірді кезеңдерге бөлуге келер болсақ, мынадай белестерді көрер едік: «Қазақстан алғашқы кеңестік реформалар кезеңінде» (1920 жылдан – 1925 жылдың соңына дейін); «Қазақстандағы «Кіші Қазан» (1926–1928 жж.); «Қазақстан сталиндік реформалар және тоталитарлық жүйенің орныға бастау дәуірінде» (1929–1941 жж.); «Қазақстандықтар фашистік Германияға қарсы күресте» (1941–1945 жж.); «Қазақстандағы сталинизм салтанаты» (1945–1953 жж.); «Хрущев реформаларынан туындаған Қазақстандағы өзгерістер» (1953–1964 жж.); «Қазақстандағы тоталитарлық жүйенің «кемелденуі» және «тоқырауы» (1985–1991 жж.).

Зерттеушінің ойынша, бұл кезеңдердің әрқайсысының белгілі бір этаптарға бөлінері хақ. Ал енді «Қазақстан – тәуелсіз мемлекет» деп аталатын үшінші дәуірді кезеңдерге бөлуге келсек, «ТМД және Қазақстан» (1991–1993 жж.); «Тәуелсіздікті орнықтыру қадамдары» (1993–1995 жж.); «Қазақстан – дүниежүзілік қауымдастық мойындаған егеменді ел» (1995–2004 жж.) деп аталатын тарихи белестерді көреміз. Бұл кезеңдердің ішінде де бірнеше этаптар баршылық екені сөзсіз, – деп жазады тарихшы. Зерттеуші осы мәселедегі өзінің ойын төмендегіше қорытады: тарихымызды жүйеге түсіруге байланысты біздерді толғандырар, «бас қатырар» мәселелер аз емес. Оларды, әрине, көп болып кеңескеніміз жөн. «Мың рет өлшеп, бір-ақ кес!» – демекші, егер тарихымызды жүйелеп алуды жолға қойсақ, оқу орындарына оқулықтар жазу да, олардағы оқу бағдарламалары да біраз тәртіпке келер еді. Осы жерде тағы бір айтар ойымыз, жалпы тарихи еңбектер тек тарих ғылымы үшін немесе оның төңірегінде жүрген мамандар үшін жазылмауы керек. Олар ең алдымен халқымызға және ең бастысы оқу орындарындағы жастарымызға бағышталып жазылуы керек, яғни бізге халық сұранысына жауап беретін тарих қажет. Ал мұндай талап деңгейіне көтерілу үшін біз тарихымызды дұрыс жүйеге түсіріп жазуымыз керек. Өкінішке орай, ғылыми тарих жазуда ескі сарыннан әлі де бас тарта қойғанымыз жоқ. Мұның нақты мысалы 2010 жылы жарық көрген 5 томдық тарихымызды дәуірлеу. Ол төмендегіше кезеңделген: 1. Қазақстан палеолит дәуірінен кейінгі ортағасырларға дейін; 2. Қазақстан кейінгі ортағасырлар дәуірінде; 3. Жаңа замандағы Қазақстан. 4. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан; 5. Қазақстан қазіргі кезеңде. Мұнда мәселе атаулардың қарапайымдылығында емес, оның жалпылама, байырғы кеңестік тарихтағыдай қасаң түрде берілуінде болып отыр. Оның үстіне мұнда «дәуір» («эпоха») мен «кезең» атаулары қатар қолданылып, шатастырылған. Сонымен қатар тарихи кезеңнің ішіндегі тарихи белестер тағы да кезең ретінде қарастырылған. Мысалы, «Кеңестік кезеңдегі Қазақстан» (4-том) деп аталатын дәуірдің ішінде (мұны авторлардың неге «кезең» деп бергендері түсініксіз) «1917 жылғы екі революция кезеңіндегі Қазақстан»; «Қазақстан индустрияландыру кезеңінде»; «Қазақстан соғыстан кейінгі кезеңде (1945–1953 жылдар)»; Кеңестік кезеңдегі Қазақстан халқының тарихи-демографиялық жағдайы» деп аталатын «кезеңдер» қаптап жүр. Яғни, кезеңнің ішінде

тағы да кезеңдер жүр. Бұған не айтуға болады? Бұл біздің тарихшыларымыздың әлі күнге дейін дәуірді (эпоханы) кезеңдерден, ал кезеңдерді этаптардан (сатылардан) ажырата алмағанын көрсетеді. Мұны ғылыми сауатсыздық дегеннен басқа қалай атауға болар еді? Біздің ойымызша дәуірлер атауынан қазақ тарихының әр замандағы ерекше тарихы айқын көрініп тұруы керек.

Қорытынды

Тарих ғылымындағы тарихты кезеңдеу мәселесі, әсіресе өз тарихымызды кезеңдеу маңызды мәселелердің бірі екенін атап өттік. Ресей ғалымы ұсынған тарихты кезеңдеуінен бастап қазақстандық ғалымдардың ұсынған қазақ тарихын кезеңдестіру мәселелеріне тоқталдық. С.Е. Десницкийдің адамзат дамуының өркеніеттік кезеңдерге бөлуі, М. Қозыбаевтың қазақ халқының ұлт ретіндегі ерекшелігін көрсете алатын белестерге бөлуі, Х. Әбжановтың қазақ тарихын кезеңдеу мәселесінде маңыз-

ды критерийі етіп тарихи дәуірге тән мәнді айырмашылықты және сабақтастықты ескеруі, С. Кентбековтың халықтың экономикалық, саяси және этникалық дамуын қамтитын кешенді көзқарастарды салыстырмалы түрде қолдануы, А. Күзембайұлының тарихилық пен ұлттық мүдде қағидаларын негізге ала отырып кезеңдеуі, 5 томдық Қазақстан тарихының академиялық шығарылымындағы кезеңделуі кеңестік тарихтағыдай қасаң түрде берілуі біздің тарапымыздан жеке-жеке қарастырылып, ұтымды тұстарын мақұлдай отырып, кемшіліктерін сын көзбен қарастырып өттік. Осы мақаланың авторларының бірі Т. Омарбековтың тарихымыздың қазіргі заманға қатысты дәуірін кезеңдеу туралы пікірін қарастырып, тарихымызды жүйеге түсіруге байланысты мәселелердің аз еместігін көрсеттік. Бір сөзбен айтқанда тарихымызды кезеңдеу мәселесі әлі де шешімін таба қоймаған маңызды методологиялық нәрсе. Тарихшы ғалымдарымыз мұнымен белсенді түрде айналысып, ортақ қорытындыларға келулері керек.

Әдебиеттер

- 1 Әбжанов Х. (2014) Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология. – Алматы: Елтаным баспасы.
- 2 Гросул В.Я. (2007) О периодизации всемирной и отечественной истории. Российская история. – Москва. №3. С. 122-139.
- 3 Десницкий С.Е. (1823) Юридическое рассуждение о разных понятиях, какие имеют народы о собственности имения в различных состояниях общежителства речи. М.
- 4 Кентбеков С. (1997) Проблемы историографии и основные принципы периодизации истории досоветского Казахстана: автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Алматы. – 32 с.
- 5 Кузембайұлы А. (1992) История дореволюционного Казахстана: учебник. Алма-Ата: Республиканский издательский кабинет по учебной и методической литературе.
- 6 Қозыбаев М.Қ. (1998) Ата тарихы туралы үзік сыр. Тарих зердесі. 1-кітап. – Алматы: Ғылым.
- 7 Қойгелдиев М. (1995) Алаш қозғалысы. Алматы.
- 8 Омарбеков Т. (2015) Қазақ түркілерінің мемлекеттілігі: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны. Алматы: Қазақ университеті
- 9 Омарбеков Т., Омарбеков Ш. (2004) Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. Алматы: Қазақ университеті.
- 10 William A. Green (1992) Periodization in European and World History Journal of World History Vol. 3, No. 1 pp. 13-53. <http://www.jstor.org/stable/20078511>.

References

- 1 Abzhanov H. (2014) Kazakhstan: ulttyk tarih, ideya, metodologiya. Almaty: Eltanym baspasy.
- 2 Grosul V.Ya. (2007) O periodizacii vseмирnoі i otechestvennoj istorii. Rossijskaya istoriya. Moskva, №3, s. 122-139.
- 3 Desnickii S.E. (1823) Yuridicheskoe rassuzhdenie o raznyh ponyatiyah, kakie imeyut narody o sobstvennosti imeniya v razlichnyx sostoyaniyah obshhezhitelstva rechi. Moskva.
- 4 Kentbekov C. (1997) Problemy istoriografii i osnovnye principy periodizacii istorii dosovetskogo Kazakhstana: avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoi stepeni kandidata istoricheskix nauk. Almaty. 32 s.
- 5 Kuzembaiuly A. (1992) Istoriya dorevolucionnogo kazahstana. Uchebnik. Alma-ata: respublikanskii izdatelskii kabinet po uchebnoi i metodicheskoi literature.

- 6 Kozybaev M.K. (1998) Ata tarihy turaly uzik syr. Tarix zerdesi. 1-kitap. Almaty: Gylym.
- 7 Kojgeldiev M. (1995) Alash kozgalysy. Almaty.
- 8 Omarbekov T. (2015) KazaKh turkilerinin memlekettiligi: kaganattar, ulystar men handyktar bayany. Almaty: Kazakh universiteti
- 9 Omarbekov T., Omarbekov Sh. (2004) Kazakhstan tarihyyna zhane tarihnamasyna ulttyk kozkaras. Almaty: Kazakh universiteti.
- 10 William A. Green (1992) Periodization in european and world history journal of world history vol. 3, no. 1 pp. 13-53. <http://www.jstor.org/stable/20078511>.